

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1, Ч.2. - Б. 185-187.

СИЫРЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЦИКЛДАРЫНЫҢ БЕЛСЕНУІНЕ ЖЫЛ МЕРЗІМДЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Советов Ж. магистрант

Қазіргі таңда сүт өндіретін мал шаруашылықтарының қарқынды дамуы қазіргі технологиялық әдістерді қолдана отырып асыл тұқымды – селекциялық жұмыстарды ұйымдастыру, мал басының өсіп өнуіне байланысты болып табылады [1,2]. Сүт өндіретін мал шаруашылығының өсуі, сүт өндіретін сиыр басының сүтті өнімділігін максималды түрде дамыту үшін, жоғарғы технологиялық деңгейде мал басын көбейтуді ұйымдастырып, деркезінде қолдан ұрықтандыру әдістерін жемісті түрде қолдану жоғары сапалы бұқа ұрығын пайдалана отырып, жоғары өнімді ірі қаралардың генетикалық потенциалын қолдана, жоғарғы өнімді популяцияларды қолдану [3]. Көбею биотехнологиясы, ірі қара мал селекциясында ерекше маңызды орын алады.

Жұмыстың мақсаты: Сүтті тұқымды сиырлардың жыныстық циклын, гормональдық препараттармен белсендіру кезіндегі жыл мезгілдерінің әсері.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Зерттеу әдістері Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінің, Ветеринариялық медицина кафедрасында, Ақмола облысының шаруашылықтарында жүргізіліп жатыр.


Материалдар мен зерттеу объектілері: ірі қара мал, жыныстық көбею қызыметі, жыныс циклын белсендіретін әдістер, гормоналды препараттар.

Зерттеу әдістері: акушерлік-гинекологиялық, сыртқы рефлексологиялық, ішкі клиникалық әдістер, биофизикалық ультрадыбыстық зерттеу, гормоналды реттеу үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді жетілдіру.

Сүтті сиырлардың көбею қызыметін «Сыдықбек» ЖШС Ақмола облысы, Целиноград ауданы Қоянды ауылында жүргізілді. Сүтті бағыттағы қара ала тұқымы сиырының ($n > 68$).

Жыныс циклын белсендіруде гормональды схемалар қолданылды.

Алдымен сиырдың қоңдылық категориясының 2,25 – 2,5 балл болуына мән береміз. Келесі кезекте УДЗ арқылы жыныстық ауруларға тексереміз. Тексерілген сиырларды шаруашылықта қолданылып жүрген схема:



Сурет – 1. Жыныс циклын белсендіретін гормональды схемасы

Зерттеу нәтижесінің қорытындысы мал буаздығын ұрықтанғаннан кейінгі 45 – күннен, EASI – SCAN УДЗ аппараты арқылы анықталып отырады.

Сиырлардың жыныстық циклын белсендіру әдістері маусым айынан басталды. Шаруашылықта 10 ай көлемінде 60 бас сиыр және 8 құнажынға жыныстық циклын белсендіру жұмыстары жүргізілді (кесте -1).

Кесте – 1. Сиырлардың жыныстық циклын гормональды препараттармен белсендіруіне жыл мезгілдерінің әсері

| Жыл мерзімі | n | Сурфагоннан кейінгі 7 -күнде күйітке келген мал саны | | Буаз болғандар | |
|-------------------|----|--|------|----------------|-------|
| | | n | % | n | % |
| Маусым – тамыз | 60 | 12 | 20 | 18 | 30 |
| Қыркүйек – қараша | 54 | 9 | 16,6 | 20 | 37,03 |
| Желтоқсан – ақпан | 24 | 4 | 16,6 | 4 | 16,6 |

Сиырлардың жыныстық циклынның белсендіруге гормональды препараттарды қолдану барысында, жыл мезгілдерінің әсері келесі нәтижелерді көрсетті. Жазғы мезгілде 30%-ды күзгі мезгілде 37,03%-ды, қысқы мезгілде 16,6%-ды көрсетті.

Сиырларды жыныс циклын гормональды препараттармен белсендіру кезінде, жаз мезгіліндет 60 бас сиырдан Сурфагоннан кейінгі 7 – күн ішінде 12 бас сиыр күйітке келді, басқа сиырлар 10 – шы күні мәжбүрлі түрде ұрықтандырылды. Солардың ішінен 18 -30% буаз болды.

Күзгі мезгілде қыркүйек – тамыз айларында 54 бас сиыр ұрықтандырылды. Сурфагоннан кейінгі 7 – күн ішінде 9 бас сиыр ұрықтандырылса, осы мезгіл ішінде 20 -37,03% буаз болды.

Қысқы мезгілде желтоқсан – ақпан айларында 24 бас ұрықтандырылды. Олардың ішінен 16,6 % буаз болды.

Сиырлардың жыныстық циклын белсендіруде гормональды препараттардың әсері. 2 – кестеде көрсетілген

Кесте – 2. Сиырлардың жыныстық циклын белсендіруде Е Селен, Сурфагон, Эстрофанның әсері

| Көрсеткіштер | n | % |
|---|------|-------|
| Өңделген мал саны | 138 | 100% |
| Сурфагоннан кейінгі 7 - күнде күйітке келген мал саны | 25 | 18,1% |
| Буаз болған мал саны | 42 | 61,7% |
| Ұрықтандыру индексі | 2,02 | |

Екінші кестеде гормональды препараттарды қолданған кезде гипофиздің аналық жыныс бездерінің жауабы малдардың күйінен, жалпы жағдайымен қоса жыл мезгілдерінің әсері байқалды. Алынған нәтижелер күзгі мезгілде басқа мезгілдерге қарағанда Е Селен Сурфагон, Эстрофан, Сурфагон гормональды препараттарды қолданғанда 7% – 20,43% - ға артық.

Қорытынды. Жазғы маусымда 30,0% ұрықтанса, күзгі мезгілде 37,03% ұрықтанды, қысқы мезгілде 16,6% ұрықтанды, жалпы алғанда 68 бас сиырдың 61,7%-ы ұрықтанды. Біз қолданған схемадағы препараттың бір сиырға кеткен шығын 1629,2 тг құрады. Экономикалық жағынан алғанда біз қолданған схема тиімді болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мамукаев, М.Н. Б.Т. Хетагурова Обработка коров – доноров гормональными препаратами фертагил, хорулон и прогестерон // Известия Горского государственного аграрного университета. - 2013. - Т.50. - № 4-4. - С. 132-138.
2. Середин В.А. О желтом теле, его персистентности и оплодотворяемости / // Вестник ветеринарии. М.: — 1998. № 9. — С. 72-87.
3. Завертяев Б. П. Биотехнология в воспроизводстве крупного рогатого скота Москва, Агропромиздат, 1989.–98с.

*Ғылыми жетекшісі:
в.з.д. профессор Жақыпов И.Т.*